

МККК №30 «Ұрпақ» бөбекжай-балабақшасы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы»
Алаяқтардан сақ болайық!

ХАТТАМА №1

Ақтөбе қаласы

Төрағасы: Басшы Бисенова Р.Т..

Хатшы: Тәрбиеші Мерекешова Г.Е.

Қатысқандар саны: 10 адам

Күн тәртібінде:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» түсіндірме жұмыстар
2. Алаяқтардан сақ болайық! түсіндірме жұмыстар

1. Балабақша басшысы: Пангереева Аягоз Булатовна

Жемқорлық дегеніміз — латын тілінен аударғанда «сатып алу» деген мағынаны білдіреді. Жалпы жемқорлық мемлекетімізді басқарып отырған, жоғары атақтары бар адамдардың тапсырылған жұмыстарды өзінің пайдасы үшін пайдаланылатын, қоғамға қауіпі бар қылмыстық іске жатады. Елімізде пара алудың кесірінен экономиканың қарқынды дамуына әсерін тигізеді. Сонымен қатар, әлеуметтік және саяси ушығуына күрт бұзылуына алып келіп соғады. Онымен қоса үлкен биліктері бар адамдар жемқорлыққа барған болса, осыған орай құқық қорғау органдары ол адамдарды барған қылмыстары үшін қылмыстық жазаға тарта алмайтын жағдай қалыптасуы мүмкін. Жемқорлықтың, пара алудың түрлері: біріншісі жеке билігі бар қызметкерлер жасаған қылмыстық іс-әрекет. Екінші түрі сыбайлас жемқорлық. 1989 жылғы әлем бойынша дамыған отыз жеті мемлекетті халықаралық бизнестегі жемқорлыққа қарсы күресу туралы конвенцияға қол қойған болатын. Бұл конвенцияға Қазақстанда қатысқан болатын және 1998 жылы 2 шілдеде “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заң қабылданды, - деп түсінік берді. “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Қоғамдық қасіретке әкелетін бұл материалдық құндылықтар дағдарысынан шығу және оны жою дұрыс әрекет етуден туындайтынын ұғындыру.

Қызметкерлердің бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастырып, құқықтық сауаттылығын арттыру.

Отанға деген сүйіспеншілікке, адамдарды және дәстүрлерді құрметтеуге, білім мен еңбекке ұмтылуға, көргенділік пен адалдыққа тәрбиелеуді қолға алу. Сонымен қатар, қоғамда белең алып бара жатқан Алаяқтардан сақ болайық!

2. Балабақша әдіскері Тлеуова Роза Жолбаевна

1. Осы Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың

алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді. Осы Заң сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенім нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған. Сондықтан да, бұндай дерттен аулақ болайық!

2-ші мәселе бойынша: Балабақшамызда Алаяқтардан сақ болайық! Айдарында мекеме қызметкерлері мен ата-аталарға түсіндірме парақтары таратырылып жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, әр топтың ата-аналар чатына, статустарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

3. Тәрбиеші Оразова Бибигуль Темешовна

Құрметті әріптестер! Сіздерге ескертеміз, түсіндіреміз. Сізге банк қызметкерлері қоңырау шалып, өздерін таныстырды. Күдікті операциялар туралы хабарлады, олар сіздергенесие рәсімдейтінін және оны қорғау үшін арнайы қосымша орнатуды сұрайды. Сонымен қатар банк картасының нөмерін СМС кодын және парольдерін біліп алуға тырысады. Бұлар – АЛАЯҚТАР. Сақ болыңыздар!

4. Тәрбиеші Тогузбаева Гульмира Жаксылыковна

Банк қызметкерлері ешқашанда сіздің деректеріңізді парольдеріңізді немесе СМС хабарламаларыңызды сұрамайды. Басқа қосымшаларды орнатуды сұрамайды. Бұндай жағдайға жолықсаңыздар міндетті түрде полицияға 102 нөмеріне немесе банк операторының қысқа нөмеріне қоңырау шалыңыз. Өзіңізді алаяқтардан қорғаңыз. «Ешкімге пара берме, ешкімнен пара алма» деген қағидатты ешқашан естен шығармаған жөн, Сонымен қатар заман дерті «Алаяқтардан да сақ болайық!» ешкімді алдамайық, ешкімнен алданып қалмайық.

ШЕШІМ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмысы жалғасын табады, құқық бұзушылыққа жол берілмесін.
2. Отанға деген сүйіспеншілікке, адамдарды және дәстүрлерді құрметтеуге, білім мен еңбекке ұмтылуға, көргенділік пен адалдыққа тәрбиелеу қол алынсын.
3. Алаяқтардан сақ болойық! Айдарында қызметкерлер мен ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жалғасын тапсын.

№30 «Ұрпақ» бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі:

Бисенова Р.Т.

МДҰ хатшысы:

Мерекешова Г.Е.